

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 61 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 99 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 Шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібінің 50-тармағының бірінші абзацын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 139 шешімінің 1-тармағын есепке ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың "Алкоголь өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 047/2018) өтпелі ережелері туралы" 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 61 шешімінің 1-тармағы "а" тармақшасының бірінші абзацындағы "б" тармақшасындағы және "в" тармақшасының бірінші абзацындағы "2024 жылғы 9 қаңтардан", "2024 жылғы 9 қаңтарға" деген сөздер "2027 жылғы 1 қаңтардан", "2027 жылғы 1 қаңтарға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович